

6D010300- Педагогика және психология мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған
Масимова Хуршидам Ташболатовнаның
«Педагогтердің біліктіліктерін арттыру жағдайында оқушылардың оқу
жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамыту» тақырыбында дайындалған
диссертациясына
ресми рецензенттің жазбаша пікірі

Р/Н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және / немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және / немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы); 3) Диссертация Казакстан Республикасының Үкіметі жаңындағы Жоғары ғылыми – техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	Х.Т.Масимованың диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының Үкіметі жаңындағы Жоғары ғылыми – техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» бағытына <u>сәйкес</u> дайындалған.
2	Ғылымға маныздылығы	Жұмыс ғылымға <u>елеулі үлесін қосады</u> / қоспайды, ал оның	Диссиденттің кол жеткізген ғылыми практикалық нәтижелері

		маныздылығы <u>ашылған</u> / ашылмаган.	<p>педагогика ғылымының дамуына елеулі үлес қосады.</p> <p>Қазіргі психологиялық – педагогикалық теорияларға талдау жасау барысында айқындалған «бағалау», «педагогтің бағалау іс - әрекеті» үғымының мәні ашылып, «педагогтердің оқушылардың оку жетістіктерін бағалау іс - әрекеті» үғымына берілген авторлық анықтаманың ғылыми айналымға енгізілуі диссертациялық жұмыстың мәнін ашады.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың зерттеу мәселесі бойынша жасалған күрылымдық – мазмұндық моделімен оны жүзеге асырудың кешенді бағдарламасының, әдістемесінің даярлануы жұмыстың теориялық маныздылығы мен тәжірибелік құндылығын көрсетеді.</p>
3	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) Жоғары; 2) Орташа; 3) Төмен; 4) Өзі жазбаган.	Диссиденттүң зерттеу жұмысын өзі жазу деңгейі жоғары . Оған жұмыстың ғылыми стилінен; ғылыми әдебиеттерге, негізгі үғымдарға жасаған жан – жакты талдауымен, аналитикалық тұжырымдарымен; диссертациялық жұмыстың мазмұнының бірізділікпен тығыз байланыстары дәлел бола алады.
4	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негізdemесі: 1) Негізделген; 2) Жартылай негізделген; 3) Негізделмеген.	Диссидент Х.Т. Масимованың диссертациялық жұмысының өзектілігі заманауи білім беру аясында болашақ педагогтерді даярлауға, педагогтердің біліктілігін арттыруға койылатын талаптар тұрғысынан негізделген.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) айқындайды;	Х.Т. Масимованың диссертациясының мазмұны «Педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оку жетістіктерін бағалау іс – әрекетін дамыту» атты диссертация тақырыбын толық айқындайды.

		<p>2) жартылай айқындаиды; 3)айқындаамайды.</p>	<p>Зерттеу жұмысының бірінші бөлімінде педагогтердің бағалау іс-әрекетін дамытудың теориялық - әдіснамалық негіздері айқындалса, екінші бөлімінде педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында окушылардың оку жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамытудың үйымдастыру шылық-әдістемелік негіздері қарастырылады, үшінші бөлімінде педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында окушылардың оку жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамытудың әдістемесі және тәжірибелік – эксперимент нәтижелері мен педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында окушылардың оку жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамытудың кешенді бағдарламасының мазмұны ашылған.</p> <p>Диссертациялық жұмыс 3 тараудан және 9 бөлімнен турады. Диссертациялық жұмыстың мазмұны зерттеудіңғылыми болжамы мен жетекші идеясы бойынша диссертация тақырыбын айқындаиды.</p> <p>4.3 Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <p>1) <u>сәйкес келеді</u>;</p> <p>2) жартылай сәйкес келеді;</p> <p>3) сәйкес келмейді.</p>
			<p>Диссертацияның мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді.</p> <p>Диссертацияның педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында окушылардың оку жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамыту жүйесін ғылыми-әдіснамалық негіздеу, әдістемесін дайындау және тиімділігін тәжірибелік – экспериментте дәлелдеу мақсаты төрт міндет арқылы жүзеге асқан. Бірінші міндетке сәйкес «бағалау іс-әрекеті», «педагогтердің окушылардың оку жетістіктерін бағалау іс-әрекеті» үйымдарының мәні нақтыланған; екінші міндет бойынша педагогтердің біліктілікті</p>

		<p>арттыру жағдайында окушылардың оку жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамытудың әдіснамасын жасау, теориялық және практикалық алғышарттарын негіздеу; үшінші міндет педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында окушылардың оку жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамытудың психологиялық – педагогикалық шарттарын анықтау мен негізделген; төртінші міндет педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында окушылардың оку жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамытудың күрылымдық – мазмұндық моделін күрастыру, әдістемесін дайындау, тиімділігін тәжірибелік – экспериментте тексеру арқылы дәлелденеді.</p> <p>Алынған нәтижелер максат асында койылған міндеттердің толық жүзеге асырылғандығын көрсетеді және дәлелділігі мен сенімділігін растайды.</p>
	<p>4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылсызы логикалық байланысқан;</p> <p><u>1) толық байланысқан;</u></p> <p>2) жартылай байланысқан;</p> <p>3) байланысы жок.</p>	<p>Х.Т. Масимованның зерттеу жұмысының барлық тараулары мен бөлімдері бір – бірімен логикалық тұрғыда толық байланысқан және ішкі бірлігі сақталған.</p>
	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (кагидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған;</p> <p><u>1) сыни талдау бар;</u></p> <p>2) талдау жартылай жүргізілген;</p>	<p>Диссертант зерттеу мәселесі бойынша философиялық, психологиялық, педагогикалық ғылыми енбектерді сыни талдай алған. Диссертация авторы ғылыми енбектерге, пікірлер мен тұжырымдарға аналитикалық баға беріп, салыстыру негізінде өзіндік көзқарасын білдіріп ғылыми ұстанымының калыптасқандығын көрсетеді.</p>

		3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген.	
5	Фылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Фылыми нәтижелер мен қагидаттар жаңа болып табылама?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25 – 75 % жаңа болып табылады) 3) жаңа емес (25 % кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Зерттеу мәселеісі бойынша алынған фылыми нәтижелер мен қагидаттар жаңа болып табылады.</p> <p><i>Bірінші нәтижесіндегі жаңалығы диссиденттің философиялық, психологиялық – педагогикалық зерттеулерге талдау жасап, топтастырып «бағалау», «бағалау іс-әрекеті», «педагогтердің оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекеті» ұғымдарының өз – ара байланысын ашып, зерттеудің түйінді ұғымдарын фылыми бағытта нақтылап, авторлық көз карасын негіздеумен жаңаша болып табылады.</i></p> <p><i>Екінші нәтижесе толық жаңа.</i> Ойткені зерттеу әдіснамасы философиялық, социологиялық, педагогика мен психологиялық бағытта жасалынып, фылыми тұғырлар мен теориялық, практикалық алғышарттардың анықталуымен негізделеді.</p> <p>Үшінші нәтиже жаңа педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамытудың психологиялық – педагогикалық шарттарының анықталуымен айқындалады.</p> <p>Төртінші нәтиженің жаңалығы педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс-әрекетін дамытудың күрылымдық – мазмұндық моделінің жасалуы, әдістемесінің дайындалуымен толық негізделген.</p> <p>Зерттеу нәтижесінде «Жаңартылған білім беру</p>

		<p>жағдайында педагогтін бағалау іс – әрекетінің психологиялық-педагогикалық негіздері» атты 80 сағаттық біліктілікті арттыру курсының оқу бағдарламасының жасалуы және «Критериалды бағалау жағдайында педагогтін бағалау іс – әрекетінің ерекшеліктері» әдістемелік құралдың жарық көруі ғылыми нәтижелер мен қағидаттардың толық жаңа екендігінен дәйек береді.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p><u>1) толығымен жаңа;</u> <u>2) жартылай жаңа (25 – 75 % жаңа болып табылады)</u> <u>3) жаңа емес (25 % кем жаңа болып табылады)</u></p> <p>Диссертацияның авторы жүргізілген зерттеу жұмысында манызды ұсыныстар жасайды: педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында окушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетін дамытуды білім беру жүйесіндегі өзекті мәселелердің бірі ретінде карау және оны тиімді жүзеге асыру максатында жүйелі түрде арнайы ғылыми – әдістемелік және тәжірибелік жұмыстарды жүргізу; педагогтердің окушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетін дамытуға негізделген тәжірибeden өткен біліктілікті арттыру курсын үйымдастыру; педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында окушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетін дамытуға арналған тренингтер, семинарлар, вебинарлар, шебер сыныптар, тәжірибелік және рефлексивтік аландар үйымдастыру; педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында окушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетін дамыту мақсатында педагогикалық, психологиялық, әдістемелік сүйемелдеуді үздіксіз жүзеге асыру. Диссертациялық жұмыстың шешімдері заманауи</p>

			<p>технологияларға негізделген.</p> <p>Зерттеу жұмысында мәселені шешудің өзіндік авторлық жолдары ұсынылғандықтан толығымен жана болып табылады.</p> <p>Диссиденттарт зерттеу жұмысы барысындағы тұжырымдарын тәжірибеде дәлелдеген және ғылыми мақалалары арқылы растаган.</p>
6	Негізгі корытындылардың негізділігі	6.1 Барлық корытындылар ғылыми тұрғыдан караганда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген</u> / негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	<p>Зерттеу жұмысының барлық корытындылары ғылыми тұрғыдан караганда ауқымды дәлелдемелерде негізделген және тәжірибелік – эксперимент арқылы дәлелденген.</p>
7	Корғауға шығарылған негізгі қагидаттар	<p>7.1 Эр қагидат бойынша келесі сұраптарға жауап беру кажет:</p> <p>Қагидат дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді 2) шамамен дәлелденді 3) шамамен дәлелденбеді 4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) Ия 2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) Ия 2) жоқ</p> <p>7.4 Колдану деңгейі:</p> <p>1) тар 2) орташа 3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) Ия</p>	<p>Зерттеу жұмысы бойынша корғауға ұсынылған барлық негізгі қагидаттар теориялық және эмпирикалық зерттеу әдістерімен толығымен дәлелденген.</p> <p>Зерттеу барысында негізгі ұғымға авторлық аныктама берілген; педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау іс – әрекетін дамытудың күрылымдық – мазмұндық моделі жасалған және тәжірибеде дәлелденген; психологиялық – педагогикалық шарттары ғылыми негізделген.</p> <p>Корғауға шығарылған негізгі қагидаттар өзіндік түпнұсқалық бірегей жаңашылдық сипатта болғандықтан тривиалды емес, жаңа болып табылады.</p> <p>Диссертациялық жұмыс нәтижесінде ұсынылған біліктілікті арттыру бағдарламасы жаңа және педагогтердің біліктілігін арттыруда колданылу ауқымы кең.</p>

		2) жок	<p>Диссертацияның негізгі қағидалары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Development of the evaluative activities of teachers in the conditions of updated education // Cypriot Journal of Educational Science. (2022), April. T. 17. В 4, С.15, Birlesik Dunya Yenilik Arastirma ve Yayıncılık Merkezi. ISSN:1305-9076E-ISSN:1305-905X; 2. Жаңартылған білім беру жағдайында педагогтердің бағалау әрекетінің мәні, мазмұны, күрылымдық ерекшеліктері // Абай ат. ҚазҰПУ «Педагогика және психология»ғылыми – әдістемелік журнал №4 (41) 2019ж. - 29-42 б; 3. Критериалды бағалауды жүзеге асыруда педагогтің бағалау әрекетінің ерекшеліктері // Абай ат. ҚазҰПУ «Хабаршы – Вестник – Bulletin» «Педагогика ғылымдары» сериясы №4 (64) 2019. -33- 39 б; 4. Қалыптастыруыш бағалауды колдануда педагогтің бағалау іс-әрекеті // «Наука и жизнь Казахстана» халықаралық журнал № 7/2 2020. -169-177 б көтарлығы ғылыми макалаларда және ғылыми – әдістемелік конференциялар жинактарында жарияланған макалаларда талқыланып, дәлелденген.
8	Дәйектілік принципі дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің тандауы – негізделген немесе әдіснама накты жазылған: 1) ия; 2) жок.	<p>Зерттеу барысында басшылыққа алынған әдіснамалық тұғырлар мен ұстанымдар ғылыми тұргыда негізделген. Эр әдістеме егжей-тегжейлі сипатталған.</p> <p>Диссертациялық жұмыста келтірілген әдістемелердің сенімділігі мен нақтылығы зерттеу тақырыбы бойынша іргелі әзірлемелермен; зерттеу бағдарламасының максаттары мен міндеттеріне сәйкестігімен; зерттеудің теориялық және</p>

			Эмпирикалық әдістерінің және эксперименттік мәліметтерді математикалық – статистикалық өндөу әдістерінің онтайлы үйлесімімен дәйектелген.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеудердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өндөу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жок.	<p>Диссертацияның нәтижелері заманауи зерттеу әдістері мен мәліметтерді өндөу әдістерін колдану арқылы алынған.</p> <p>Алынған ғылыми зерттеу нәтижелері мен мәліметтер цифрлық технология арқылы сыйба, кесте, диаграмма түрінде ұсынылған.</p>
		8.3 Теориялық корытындылар, модельдер, анықталған өз ара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жок.	<p>Диссертация мазмұнындағы теориялық корытындылар, модельдер, анықталған өз – ара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулер арқылы толымды және ғылыми методологиялық мәдениет тұрғысынан тексеріліп дәлелденген және расталған.</p> <p>Диссертациялық зерттеу жұмысы барысында алынған нәтижелер теориялық және тәжірибелік тұрғыдан дәлелденген.</p>
		8.4 Маңызды дәлелдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге	Диссертациялық жұмысты жазу барысында автор тарапынан тұжырымдалған маңызды мәлімдемелер сенімді әдебиеттерге

		<p>сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған.</p> <p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u> / жеткіліксіз.</p>	сілтеме келтіру арқылы расталған .
9	Практикалық құндылық принципі	<p>Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <p>1) ия; 2) жок.</p>	<p>Пайдаланылған әдебиеттер көзі жеткілікті. Жұмысты жазу барысында диссертант 278 отандық және шетел ғалымдарының енбектеріне шолу жасаған.</p> <p>Зерттеудің теориялық маңызы бар. Себебі, «педагогтердің оқушылардың оку жетістіктерін бағалау іс - әрекеті» үғымына авторлық аныктама берілген, педагогтің бағалау іс-әрекетінің құрылымы анықталып , толық сипаттамасы берілген, педагогтердің бағалау іс-әрекетін дамытудың үйімдастыруышылық негіздері айқындалған, педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оку жетістіктерін бағалау іс – әрекетін дамытудың компоненттері, өшімелдері мен көрсеткіштері камтылған, әдістері мен технологиялары, деңгейлері айқындалған құрылымдық – мазмұндық моделі жасалған.</p>
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) ия; 2) жок.</p>	<p>Диссертацияның практикалық маңыздылығы жоғары.</p> <p>Әзірленіп өндөлген педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында оқушылардың оку жетістіктерін бағалау іс – әрекетін дамытудың моделі жүйелілік-іс-әрекеттік, акмеологиялық, аксиологиялық, синергетикалық тұғырларға негізделген, өшімелдері, көрсеткіштері, әдістері, технологиялары және мотивациялық – мақсаттық, мазмұндық, технологиялық, рефлексивтік компоненттері анықталған, практикада қолдану мүмкіндігі жоғары.</p>

			<p>Диссертант тарапынан педагогтердің біліктілігін арттырудын оку бағдарламасы және оку тақырыптық жоспары жасалған. Оның тиімділігі тәжірибеде тексерілген.</p> <p>Алынған нәтижелерді практикада колдану мүмкіндігі жогары.</p>
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25 – 75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады);</p>	<p>Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады. Бұл ұсыныстар педагогтердің біліктілігін арттыру және қайта даярлауда маңызды деп санаймын.</p>
10	Жазу және рәсімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) <u>жоғары;</u> 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен</p>	<p>Масимова Х.Т өз зерттеу жұмысын диссертациялық жұмысқа койылған талаптарға сәйкес жазған.</p> <p>Жазу сапасы жоғары.</p>

Шешім: Хуршидам Ташболатовна Масимованың 8D011- педагогика және психология (6D010300 – Педагогика және психология) бағыты бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынған «Педагогтердің біліктілікті арттыру жағдайында окушылардың оку жетістіктерін бағалау іс – әрекетін дамыту» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы аяқталған және КР Гылым және жоғары білім министрлігінің Гылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз сту комитетінің талаптары мен «Дәрежелер беру қагидаларында» көрсетілген талаптарға сәйкес келетіндіктен философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайыкты деп санаймын.

Ресми рецензент:

«13.00.02» - оқыту және тәрбиелеу теориясы мен әдістемесі»,
Туран университетінің Білім беруді
акпараттандыру ғылыми-зерттеу институтының
директоры, педагогика ғылымдарының
докторы, доцент:

